

Атырау облыстық сотының
төрағасы М.Ж.Бектұрғановқа

Ж.М.Ахмановадан

А.А.Мурзагалиевадан

Алғыс хат

09.02.2018 жылы Атырау қалалық сотының судьясы М.А.Серикбаева бізге хабарламай бізден жасырып, оңайтылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен талап қоюшы «Атырау облысы Мәдениет мұрағаттар және құжаттама басқармасының Дина Нұрпейісова атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрі» КМҚК-ның пайдасына бізден А.А.Мурзагалиевадан 230 000 тенге, Ж.М.Ахмановадан 70 000 тенге өндіруге шешім шығарған.

Біз аталған шешім жөнінде жақында сот орындаушы Р.Амантаевтан білдік.

Сот орындаушы бізге менде судьяның күшіне енген шешімі мен орындау парағы бар деп бізді қатты қинап, нәтижесінде отбасымызбен бірге басымыздан қатты қиындықтар өткіздік.

Судья М.А.Серикбаеваның заңсыз әрекетінен отбасымыздың арасында қазіргі нарық заманында осы бізден жасырып шығарған шешімнің кесірінен күнде дау, жанжал болып, жанұямыздың берекеті кетті.

Бұдан кейін, адвокатымыздың шешімнің күшін жою туралы арызын да бізден және адвокатымыздан жасырып, біздерсіз қарап ол арызды да қанағаттандырған жоқ.

Қатты күйзеліс үстінде амалсыздан Сіздің атыңызға арыздануға мәжбүр болдық.

М.А.Серикованың бізден жасырып келген 09.02.2018 жылғы шешімнің көшірмесін Сіздің соттағы қауіпсіздік басқармасы арқылы биылғы жылы 13 сәуір күні алуға қолымыз жетті, іспен міндетті түрде толық көлемде таныстырындар деп кеңсе меңгерушісіне тәртіп берді.

Алайда, кеңсе меңгерушісі бізді іспен әрбір іс беттері жазылып көрсетілмеген, тізімделмеген күйде таныстырды, іс тізімі жасақталмағанын, беттері номерленбеген, дәлелдейтіндей бізде фотоға түсірілген құжат бар.

Бізді тағы да судья Серикбаева алдап кетеме деп эмоцияға беріліп, **ҚР Жоғарғы сотының төрағасы Ж.Қ.Асановқа** Сіздің атыңызға Атырау қалалық сотының төрағасының у.м.а.Г.Д.Тұрғанованың атына арызды дайындап қойып, Сіздің атыңызға, у.м.а.Г.Д.Тұрғанованың атына кеңсеге тапсырып қойғанбыз.

Сол бойда адвокатымыз: мен облыстық соттың қауіпсіздік басқармасына тағы да кіріп шықтым, тәртіп берілді, кеңсе меңгерушісімен сөйлестім, хатшының айтуы бойынша бүгін олар тізім жасап іс бетін көрсетіп жазуға үлгермейді бірінші күні сағат 11-лерде міндетті түрде таныстырады мен кепілдік беремін деп бізді сендіріп, алға қарай арыз жазбауын Астанаға жібермеуін өтінді.

Осыған байланысты Жоғарғы сотының төрағасы Ж.Қ.Асановқа жазып дайындап қойған арызымызды жібермеуді өтінгеннен кейін адвокатымыздан басқа сенетін адамымыз болмағасын біз Астанаға арызымызды жіберген жоқпыз.


Осы шешімге байланысты жанұямызда үлкен ұрыс айқай болғандықтан шыдамсыздық көрсетіп, біздің эмоцияға беріліп, Сіздерге арызданғандығымыз үшін Сізден кешірім сұраймыз.

Біз қазір Астанаға арызданбай ақ судьяның заңсыз әрекеттерін обл сотқа бару арқылы шешуге болатынына көзіміз жетті. Атырау облыстық сотында заң орындалатынын жанұямызға, отбасымызға түсіндіріп жеткіздік.

Сізге және облыстық соттың қауіпсіздік басқармасына отбасымыздың атынан үлкен алғысымызды айтамыз.

Осындай нарықтық заманда заңсыздықтың беліне балта шауып, біздің құқымызды қорғап, отбасымыздың тыныштығын қалпына келтіргендеріңіз үшін Атырау облыстық тұрғындары арасында мәртебелеріңіз өсіп, әрмен қарай жұмыс барысында осындай игі істерді жалғастырып, жұмысыңызда абыройлы болып, алға қарай жұмыс барысында көтеріле беруге тілектеспіз.

Игі тілекпен: Ж.М.Ахманова


Ахманова Ж.М.

А.А.Мурзагалиева


мурзагалиева А.А.